

"Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 ақпандығы № 177 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы

ҚАУЛЫ

Е Т Е М И Н :

1. Қоса беріліп отырған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын рұқсат бересе отырып, Қазақстан Республикасы атынан Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.
2. Қазақстан Республикасының Қоршаған органды қорғау министрі Нұрғали Сәдуақасұлы Әшімовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бересе отырып, Қазақстан Республикасы атынан Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өнірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

201-

жылғы

№

Жарлығымен

МАҚҰЛДАҢҒАН

**Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік
конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар
жағдайындағы өңірлік әзірлік, дең қою және ынтымақтастық туралы
Хаттама**

Бұдан әрі Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Каспий маңы мемлекеттері: Әзіrbайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Түркіменстан

2003 жылғы 4 қарашада Тегеранда, Иран Ислам Республикасы, жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның, бұдан әрі - Конвенция, Тараптары бола отырып;

Конвенцияның тиісті ережелерін орындауға әзірлігін растай отырып;

Каспий теңізінің мұнаймен ластануы және теңіздің мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар теңіз ортасына қауіп төндіретінін мойындай отырып;

кемелермен, құбыржолдармен, тұрақты және жүзетін платформалармен, қараусыз қалған ұнғымалармен және жер беті ластану көздерімен болатын, мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар жағдайында арнайы шаралар қажет екенін мойындай отырып;

осындай тосын оқиғалар келтіретін залалды азайту мақсатында мұнаймен ластануға әкелетін теңіздегі тосын оқиғалар жағдайында жылдам әрі тиімді әрекет етуге батыл қадам жасай отырып;

теңіздің мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалармен күресуде ұлттық деңгейдегі әзірліктің маңыздылығын атап көрсете отырып;

Уағдаласуши Тараптар арасындағы өзара көмек пен халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюдың одан әрі маңыздылығын мойындай отырып;

сондай-ақ, Каспий теңізінің мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалардың қатерін азайту үшін жеке және бірлесіп қолданылатын шаралардың маңыздылығын атап көрсете отырып;

сондай-ақ, Каспий теңізінің мұнаймен ластануын тудыратын тосын оқиғалардың қатерін азайту үшін жеке және бірлесіп қолданылатын шаралардың маңыздылығын атап көрсете отырып;

мақсаты теңіздің мұнаймен ластануын тудыратын тосын оқиғалар жағдайында көмек көрсете болып табылатын әлемнің басқа жерлеріндегі өңірлік келісімдерді

н а з а рғ а

а л а

о т ы р ы п ;

Уағдаласуши Тараптардың теңіз ортасын және жағалау маңындағы аудандарды мұнаймен ластанудан қорғау ниетін назарға ала отырып;

сондай-ақ тиісті, атап айтқанда, мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға әзірлікті және ден қоюды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жауапкершілікке және ластанудан келтірілген залалды өтеуге байланысты халықаралық конвенцияларды

н а з а рғ а

а л а

о т ы р ы п ;

Каспий теңізіндегі мұнаймен ластауымен күресуде Уағдаласуши Тараптар арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмекті одан әрі дамытуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Жалпы ережелер 1-бап. Терминдердің пайдаланылуы

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:

(а) «Мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиға» «мұнаймен ластануды тудыратын аварияларды» қамтиды және мұнайдың төгілуіне әкелетін немесе әкелуі мүмкін және теңіз ортасына не жағалау сзығына қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін және төтенше шараларды немесе басқа да шапшаң іс-әрекеттерді талап ететін оқиғаны немесе бірдей себебі бар бірқатар оқиғаларды білдіреді;

(б) «Мұнай» шикі мұнайды, сұйық отынды, тұнбаны, мұнай қалдықтарын және тазартылған өнімдерді қоса алғанда, кез келген нысандағы мұнайды білдіреді;

(с) «Кеме» теңіз ортасында пайдаланылатын кез келген үлгідегі кемені, оның ішінде ауа көпшілігіндегі, су асты қанатындағы кемені, су асты кемелерін, тіркелген және өзі жүретін жүзу құралдарын білдіреді;

(д) «Теңіз қондырғысы» теңіздегі платформаларды және басқа қолдан жасалған, көмірсутегі ресурстарымен не оларды тиеуге немесе түсіруге байланысты барлау, өндіру немесе өндіріс үшін пайдаланатын тұрақты немесе жүзетін конструкцияларды білдіреді;

(е) «Теңіз порттары және мұнай өндійтін объектілер» мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар қатерін төндіретін құрылыштарды білдіреді және өзгелер қатарында теңіз порттарын, мұнай терминалдарын, құбыржолдарды және мұнай өндеуге байланысты басқа да объектілерді қамтиды;

(f) «Ұлттық құзыретті орган» әр Уағдаласуши Тараптан тағайындалған мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар жағдайында әзірлікке және ден қоюға жауапты, осы Хаттамада анықталған міндеттемелерді іске асыруға және жүзеге асыруға жауапты болатын ұлттық органды білдіреді.

2-бап. Қолданылу саласы

Осы Хаттаманың қолданылу саласы Каспий теңізі деңгейінің ауытқуын, теңізге жақындығынан оның әсеріне ұшырайтын құрлықты ескере отырып, оның теңіз ортасына және теңіздің жер үсті көздерден мұнаймен ластануға таралады.

3-бап. Мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты Конвенцияның 8 және 9-баптарында санамаланған қызмет тұрларінен туындаған Каспий теңізінің мұнаймен ластануы және теңіздің жер үсті көздерінен мұнаймен ластануы жағдайында әзірлікті, ден қоюды және ынтымақтастықты қамтамасыз ету бойынша өнірлік шаралар құру болып табылады.

4-бап. Жалпы ережелер

1. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы іске асыру үшін мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар кезінде әзірлік және ден қою үшін қажетті барлық тиісті шараларды жеке немесе бірлесіп қабылдайды.
2. Уағдаласушы Тараптар бірлескен іс-қимылдың практикалық, жедел және техникалық аспектілері бойынша басшылықты бірлесіп әзірлейді және бекітеді.
3. Уағдаласушы Тараптар өнірлік тетік жасайды. Мұндай тетіктің рәсімдері қарауға және кейіннен Уағдаласушы Тараптар Конференциясының мақұлдауына жатады.
4. Осы Хаттаманың жедел орындалуы үшін мұнаймен ластанумен күресу кезіндегі өнірлік ынтымақтастық жөніндегі Каспий жоспары құрылады.

5-бап. Мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен күресу жөніндегі төтенше шаралардың ұлттық жүйелері мен жоспарлары

1. Эрбір Уағдаласушы Тарап мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға жедел ден қоюдың ұлттық жүйесін құрады. Бұл жүйе кемінде:
 - (a) мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар жағдайында әзірлікті және ден қоюды қамтамасыз етуге жауапты ұлттық құзыретті органды;
 - (b) осы Хаттаманың 7-бабы 4-тармағына сәйкес мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар туралы хабарламаларды алуға және беруге жауапты ұлттық жедел бағланыс пунктін;
 - (c) көмек сұрай отырып немесе сұралатын көмекті көрсету туралы шешім қабылдай отырып, мемлекет атынан әрекет етуге құқығы бар ұлттық құзыретті органды тағайындауды қамтиды.
2. Эрбір Уағдаласушы Тарап мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға әзірлікті және ден қоюды қамтамасыз ету жөніндегі төтенше шаралардың ұлттық жоспарын әзірлейді және орындейдьы. Төтенше шаралардың ұлттық жоспары өзгелердің қатарында миналарды:

(а) әкімшілік ұйымның және мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға әзірлік және олармен құресу кезінде өзара әрекет ететін әрбір орган жауапкершілігінің сипатын;

(б) мұнай төгілуінің ықтимал көздерін айқындауда;

(с) мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен құресу үшін жұмылдырылуы ықтимал жабдық пен адами ресурстардың тізбесін;

(д) жиналған мұнайды уақытша сақтау және түпкілікті жоюға арналған шараларды айқындауды

қамтиды;

3. Әрбір Уағдаласуши Тарап, қажет болған жағдайда мұнай өнеркәсібі және кеме қатынасы саласының кәсіпорындарымен және порт билігімен немесе кез келген басқа да тиісті ұйымдармен ынтымақтаса отырып, мұнайды тегу кезінде пәрменді шараларды қамтамасыз ету үшін алдын ала анықталған орындарға орналастырылған жабдықтың ең аз санын құрады және әзірлік жағдайында ұстайды. Жабдық саны мұнаймен ластанудың күтілетін қатерінің деңгейіне сәйкес болуға тиіс.

4. Әрбір Уағдаласуши Тарап жеке немесе екіжақты немесе көпжақты ынтымақтастық шенберінде мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар кезіндегі іс-қимылға жауапты органдардың әзірлік жағдайын күшету үшін персоналды оқыту және даярлау бағдарламаларын әзірлейді.

6-бап. Ақпарат тарату және алмасу

Әрбір Уағдаласуши Тарап өзіне басқа Уағдаласуши Тараптарға не тікелей, не

өндірлік тетік арқылы:

(а) осы Хаттаманың 5-бабының 1-тармағында және 2-тармағының (а) тармақшасында сипатталған ақпарат;

(б) теңіздің мұнаймен ластануын болдырмауға мүмкіндік беретін жаңа тәсілдер туралы және зерттеу бағдарламаларының нәтижелерін қоса алғанда, ластанулармен құресудің жаңа тиімді шаралары туралы ақпарат;

(с) мұнаймен ластануды тудыратын, олар бойынша шаралар қабылданған олар ірі тосын оқиғалар туралы ақпарат жолдау міндеттемесін алады.

7-бап. Ластану туралы хабарлау тәртібі

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап өз туының астында жүзетін кемелерге жауапты тұлғалардың өз кемелеріндегі мұнайдың төгілуіне, ағуына немесе шығарылуына әкеп соқтырған немесе кез келген ықтимал төгілуі, ағуы немесе шығарылуы туралы төтенше жағдай туралы тиісті ұлттық құзыретті органдарды дереу хабардар етуін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Уағдаласуши Тарап өзінің теңіз қондырғыларына, теңіз порттарына және мұнай өндеу объектілеріне жауапты тұлғаларға өзінің ұлттық құзыретті органына

олардың қызметі үдерісінде туындаған, мұнайдың төгілуіне, ағуына немесе шығарылуына әкеп соқтырған кез келген оқиға немесе кез келген ықтимал төгілу, ағуы немесе шығарылуы туралы тез арада хабарлау міндетін жүктейді.

3. Әрбір Уағдаласуши Тарап:

(a) капитандарға немесе өз туының астында жүзетін кемелерге жауапты басқа тұлғаларға;

(b) өзінің теңіздегі инспекциялық кемелері мен әуе кемелеріне;

(c) өзінің азаматтық әуе кемелерінің пилоттарына; және

(d) өзінің теңіз қондырғыларына, теңіз порттарына және мұнай өндеу объектілеріне жауапты тұлғаларға

теңізде, теңіз портында немесе мұнай өндеу объектісінде мұнайдың төгілуіне әкеп соқтырған кез келген байқалған оқиға туралы немесе кез келген байқалған жүзетін мұнай дақтары туралы ұлттық құзыретті органдарға тез арада хабарлауға нұсқаулар береді.

4. Әрбір Уағдаласуши Тарап осы баптың 1 - 3-тармақтарына сәйкес ақпаратты қоса алғанда, мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиға туралы ақпаратты алғаннан кейін тосын оқиғага қатысы бар болуы мүмкін барлық Уағдаласуши Тараптарды, оның ішінде өнірлік тетік арқылы тосын оқиға туралы және өзі қабылдаған немесе қабылдауды жоспарлаған кез келген іс-қимыл туралы дереу хабардар етеді.

8-бап. Жедел шаралар

1. Мұнаймен ластанған жағдайда әзірлікті және ден қоюды қамтамасыз етудегі өзінің ұлттық жүйесіне сәйкес әрбір мұдделі Уағдаласуши Тарап мұнаймен ластанған жағдайда өзіне:

(a) табиғатты, мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалардың таралу саласын және ықтимал салдарын немесе мән-жайларға байланысты төгілген мұнайдың типін және шамамен көлемін және құйылу дрейфінің бағыты мен жылдамдығын қажетті бағалауды жүргізуғе;

(b) мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалардың әсерін болдырмау, азайту және барынша ықтимал шектеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

(c) мұнаймен ластануды бақылауды жалғастыруға және басқа Уағдаласуши Тараптарды мұнаймен ластануды тудырған тосын оқиғаға қатысты оқиғалардың дамуы және өзі қабылдаған немесе қабылдауға ниеттенген шаралар туралы хабардар етуге;

(d) мұнаймен ластанумен күресу бойынша өнірлік ынтымақтастық жөніндегі Каспий жоспарын орындалуға жәрдемдесуге және оны қолдауға міндеттеме алады.

2. Төтенше жағдайлардан туындаған ластанумен күресу бойынша шаралар қабылдау кезінде:

(а) адамзат өмірін;

(b) егер кеме немесе су қондырғысы мұнаймен ластануға байланысты төтенше жағдайға тап болса, қоршаған ортаға залалды болдырмау немесе азайту қажеттілігі бар болған жағдайда кеменің өзін немесе су қондырғысын құтқару үшін барлық ықтимал шараларды

қабладайды.

Мұндай іс-қимылды қолданатын кез келген Уағдаласушы Тарап Халықаралық теңіз үйімін тікелей немесе өнірлік тетік арқылы хабардар етеді.

9-бап. Кемелердің бортында, теңіз қондырғыларында, теңіз порттарында және мұнай өндеу объектілерінде мұнайдың ластануымен күресу жөніндегі төтенше шаралар жоспарлары

1. Эрбір Уағдаласушы Тарап өз туының астында жүзетін кемелердің борттарында 1990 жылғы 30 қарашадағы Мұнаймен ластану жағдайына әзірлікті қамтамасыз ету, онымен күресу және ынтымақтастық жөніндегі халықаралық конвенцияда және 1978 жылғы 17 ақпанды Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен 1973 жылғы 2 қарашадағы Кемелердің ластануын болдырмау жөніндегі халықаралық конвенцияға 1-қосымшаның 37-ережесінде көзделген мұнаймен ластанумен күресу жөніндегі төтенше шаралардың кеме жоспарының болуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

2. Эрбір Уағдаласушы Тарап өз туының астында жүзетін кемелердің капитандарынан мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиға жағдайында төтенше шаралар жоспарында сипатталған рәсімдерді басшылыққа алуды және атап айтқанда, осы Хаттаманың 8-бабына сәйкес қабылдануға тиіс іс-қимыл үшін және осы органдармен ынтымақтастық үшін қажетті кеме және оның жүгі туралы толық ақпаратпен ұлттық құзыретті органдарды қамтамасыз етуді талап етеді.

3. Эрбір Уағдаласушы Тарап өздерінің:

- (a) теңіз қондырғыларына жауапты операторлары;
- (b) теңіз порттарына жауапты органдары немесе операторлары;

және

(c) мұнай өндеу объектілеріне жауапты операторлары мұнаймен ластанған жағдайда осы Хаттаманың 5-бабына сәйкес құрылған ұлттық жүйемен келісілетін және ұлттық құзыретті орган белгілеген рәсімдерге сәйкес мақұлданған төтенше шаралар жоспарларын дайындауды талап етеді.

10-бап. Көмек

1. Мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғамен күресуде немесе осындай тосын оқиғаның туындау қаупі кезінде көмекті талап ететін Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптардан көмек сұрай алады. Көмек сұрайтын Уағдаласушы Тарап сарапшылық көмекті, мамандандырылған персоналды және ден қою командасын, жабдықты, материалдарды және кемелерді немесе әуе кемелерін қамтуы мүмкін талап

етілетін көмектің түрін көрсетеді. Осы бап шенберінде көмек сұралатын Уағдаласуышы Тараптар өздерінің ресурстары мүмкіндік беретіндей ең жақсы мүмкіндіктерін пайдаланады.

2. Әрбір Уағдаласуышы Тарап:

(а) өз аумағында мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғамен күресуде пайдаланылатын кемелердің, әуе кемелерінің және көліктің басқа да түрлерінің келуі мен пайдаланылуына және одан кетуіне немесе персоналды, жүктөрді, материалдарды және осындай тосын оқиғамен күресу үшін талап етілетін жабдықты тасымалдауға; ж ә н е

(б) осы баптың 2-тармағының (а) тармақшасында аталған персоналды, жүктөрді, материалдарды және жабдықты өз аумағына, аумағы арқылы, аумағынан жылдам өткізуге ықпал ететін қажетті құқықтық және әкімшілік шараларды қабылдайды.

11-бап. Көмек көрсетуге байланысты шығыстарды өтеу

1. Егер мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен күресуде Уағдаласуышы Тараптардың іс-қимылын реттейтін қаржы шарттары туралы келісім осындай тосын оқиғаға дейін екіжақты немесе көпжақты негізде жасалмаса, онда Уағдаласуышы Тараптар осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес ластанумен күресу бойынша өздерінің тиісті іс-қимылына байланысты шығыстарды көтереді.

2. Бір Уағдаласуышы Тараптың мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен күресуде басқа Уағдаласуышы Тарапқа көмек көрсетуі жөніндегі іс-қимылы көмек алушы Уағдаласуышы Тараптың жазбаша сұратуы негізінде ресімделеді;

3. Уағдаласуышы Тарап басқа Уағдаласуышы Тараптың өтініші бойынша қабылдаған мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен күресу бойынша көмек көрсету жөніндегі іс-қимылға арналған шығыстарды осындай көмек сұратушы Уағдаласуышы Тарап өтейді. Егер өтініш күшін жойса, сұратушы Уағдаласуышы Тарап көмек көрсетуші Уағдаласуышы Тарап шеккен немесе өзіне қабылдаған шығыстарды көтереді.

4. Егер көмек көрсету жөніндегі іс-қимылды Уағдаласуышы Тарап өзінің жеке бастамасымен қабылдаған болса және басқа Уағдаласуышы Тарап қарсы болмаса, онда көмек көрсетуші Уағдаласуышы Тарап өзінің іс-қимылына байланысты шығыстарды көтереді.

5. Егер мұдделі Уағдаласуышы Тараптар әрбір нақты жағдайда өзге туралы уағдаласпаса, осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында белгіленген қағидаттар қолданылады.

6. Егер өзгеше келісілмесе, басқа Уағдаласуышы Тараптың өтініші бойынша Уағдаласуышы Тарап қабылдаған іс-қимылға байланысты шығыстар осындай шығыстарды өтеуге қатысты көмек көрсетуші Уағдаласуышы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес тиісті түрде есептеледі.

7. Көмек сұраушы Тарап және көмек көрсетуші Тағдаласуши Тарап қажет болған кезде шығыстарды өтеу туралы талаптарды реттеу жөніндегі іс-қимылды жүзеге асыруда ынтымақтасады. Осы мақсатта олар жауапкершілік және ластанумен келтірілген залалды өтеу саласында қолданыстағы құқықтық режимді тиісті түрде ескереді. Егер осылайша қабылданатын іс-қимыл көрсету жөніндегі операцияға байланысты шеккен шығыстардың толық өтемін алуға мүмкіндік бермесе, көмек көрсетуші Тағдаласуши Тарапқа өтемақы сомасынан асып түсетін шығыстарды өтеуден бас тарту немесе осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген шығыстарды азайту өтінішімен жүгіне алады. Ол сондай-ақ мұндай шығыстарды өтеуді кейінге қалдыру туралы өтінішпен жүгіне алады.

8. Осы баптың ережелері ешбір түрде Тағдаласуши Тараптардың мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен құресу кезіндегі іс-қимылға немесе олардың ұлттық заңнамасы мен Тағдаласуши Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес мұндай тосын оқиғалар қаупіне байланысты шығыстарды үшінші тараптан өндіріп алу құқықтарына залал келтіретіндегі ретінде түсіндірілмеуге тиіс. Тағдаласуши Тараптар осындай іс-қимылдар кезінде келтірілген шығыстарды қайтаруда ынтымақтаса және өзара көмекті қамтамасыз ете алады.

2. Ұйымдастырушылық құрылымдар 12-бап. Ұйымдастырушылық ережелер

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22-бабы 10-тармағына сәйкес Тағдаласуши Тараптар Конференциясы өзгелер қатарында:

- a) осы Хаттаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- b) осы Хаттаманың мазмұнына тұрақты шолуды жүзеге асырады;

c) осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына кез келген түзетулерді қарайды және қабылдаиды;

d) осы Хаттамаға байланысты мәселелер бойынша Хатшылық ұсынатын есептерді қарайды;

e) осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болған жағдайда тиісті халықаралық ұйымдар мен ғылыми институттарға техникалық және қаржылық қызмет көрсету үшін жүгінеді;

f) осы Хаттаманы орындау үшін қажет болуы мүмкін қосалқы органдарды құрады;

g) осы Хаттаманың 4-бабы 3-тармағында көрсетілген міндеттерді орындаиды;

h) осы Хаттаманың стратегиясын, іс-қимыл жоспарларын және орындау бағдарламаларын қарайды;

i) осы Хаттаманы орындау үшін қажет деп танылуы мүмкін басқа да функцияларды орындаиды.

2. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 23-бабы 4-тармағына

- | | | | |
|--------|---|----------------|------------|
| сәйкес | Хатшылық, | өзгелер | қатарында: |
| | | | |
| a) | осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес алынған хабарламаларды және басқа да ақпаратты дайындайды және Уағдаласуши Тараптардың қарауына ұсынады; | | |
| b) | осы Хаттаманы орындалуға байланысты мәселелер бойынша есептер | және | таратады; |
| c) | Уағдаласуши Тараптардан алынатын мәселелер мен ақпаратты қарайды және осы Хаттаманың орындалуына байланысты мәселелер бойынша олармен консультациялар жүргізді; | | |
| d) | кез келген Уағдаласуши Тараптың өтініші бойынша осы Хаттаманы тиімді орындау үшін техникалық жәрдем көрсетуді және консультацияларды қамтамасыз етуді | ұйымдастырады; | |
| e) | өнірлік және халықаралық ұйымдармен және бағдарламалармен тиісті түрде ынтымақтасады; | | |
| f) | Уағдаласуши Тараптар Конференциясымен анықталуы мүмкін басқа да функцияларды орындаиды. | | |

13-бап. Өнірлік тетік функциялары

1. Өнірлік тетік Уағдаласуши Тараптарға мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға жылдам әрі тиімді ден қоюға жәрдемдеседі.
2. Өнірлік тетіктердің функциялары мыналарды қамтиды:
 - а) Уағдаласуши Тараптардың ұлттық құзыретті органдармен, сондай-ақ қажет болған кезде мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалармен күресу жөніндегі іс-қимылға байланысты тиісті халықаралық өнірлік мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен және органдармен тығыз жұмыс қатынастарын орнату;
 - б) техникалық ынтымақтастық, оқыту, өзара оқу-жаттығу бойынша өнірлік қызметті үйлестіру және төтенше жағдайлар кезінде техникалық сараптаманы қамтамасыз ету және осы салаларда ұлттық іс-қимылға көмек көрсету;
 - с) мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғалар туралы ақпарат жинау және тарату (сипаты, сарапшылардың пікірі, тосын оқиғалар туралы хабарламалар, төтенше шаралар жоспарларын жақсарту бойынша техникалық жетістіктер т.б.);
 - д) мұнаймен ластануды тудыратын тосын оқиғаларға қатысты мәліметтер мен ақпарат берудің жүйелік рәсімдерін дайындау;
 - е) Каспий теңізінің мұнаймен ластануын тудыратын тосын оқиғаларды бақылауға арналған техникалық құралдар туралы ақпарат алмасу бойынша орталық пункт ретіндеғі қызмет;
 - ф) мұнаймен ластанумен күресу бойынша өнірлік ынтымақтастық жөніндегі Каспий

жоспарын жаңарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

g) Уағдаласушы Тараптардың Конференциясы анықтауы мүмкін басқа ұқсас функцияларды орындау.

3. Жүзеге асыру және сақтау 14-бап. Хаттаманы қаржыландыру

1. Осы Хаттаманың мақсатына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар тиісті бағдарламалар, жобалар мен шаралар өзірлеуді және жүзеге асыруды қаржы ресурстарымен қамтамасыз етеді. Ол үшін Уағдаласушы Тараптар:

а) қолда бар ішкі қаржы ресурстарын бөледі;

б) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, қаржыландырудың екіжақты және көпжақты көздерінің және тетіктерінің қаржы ресурстарын тартуға жәрдемдеседі;

с) сондай-ақ қорлардың, басқа мемлекеттердің үкіметтік мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жеке сектор құрылымдарының қаражатын қоса алғанда, ресурстарды тарту және бағыттау үшін инновациялық әдістер мен ынталарды зерделейді.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар Конференциясы басқа шешім қабылдамаған жағдайда осы Хаттамаға Конвенцияның қаржылық қағидалары mutatis mutandis қолданылады.

15-бап. Конвенциямен өзара байланыс

Егер Уағдаласушы Тараптар өзгеше анықтамаса, осы Хаттамаға Конвенцияның 22-бабы 9-тармағының (с) тармақшасына сәйкес қабылданған рәсімнің қағидалары қолданылады.

16-бап. Дауларды реттеу

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе талқылауға қатысты кез келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес шешіледі.

17-бап. Хаттаманың қабылдануы және күшіне енуі

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар Конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бір ауызды шешімімен қабылданады.

2. Осы Хаттама _____ қаласында _____ -нан _____ дейін тек Каспий маңы мемлекеттерінің қол қоюы үшін ашық.

3. Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады. Хаттама өзінің қол қою үшін жабылған күнінен бастап кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін ашық болады.

4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе осы Хаттамаға қосылу туралы

құжаттар Депозитарийге сақтауға тапсырылады.

5. Осы Хаттама барлық Каспий маңы мемлекеттері ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттарды Депозитарийге сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

18-бап. Осы Хаттамаға түзетулерді, қосымшаларды және қосымшаларға түзетулерді қабылдау

Уағдаласуши Тараптар Осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды сондай-ақ оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныстар енгізе алады. Мұндай түзетулер мен қосымшаларды Уағдаласуши Тараптар қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24 және 25-баптарына сәйкес күшіне енеді.

4. Қорытынды балтар 19-бап. Хаттаманың ұлттық заннамаға әсері

Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласуши Тараптардың осы Хаттаманы орындау жөніндегі неғұрлым қатаң тиісті ұлттық шараларды қабылдау құқығына әсер етпейді.

20-бап. Өзге де халықаралық келісімдермен байланыс

Осы Хаттамадағы ештеңе Уағдаласуши Тараптар қатысушылары болып табылатын өзге халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне зиян келтірмейді.

21-бап. Ескертулер

Осы Хаттамаға ешқандай ескертулерге рұқсат етілмейді.

22-бап. Мәтіндердің дәлме-дәлдігі

Осы Хаттаманың әзіrbайжан, қазақ, орыс, түркімен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері бірдей дәлме-дәл болып табылады. Осы Хаттаманы талқылау немесе қолдану туралы даулар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

23-бап. Депозитарий

Конвенция Депозитарийі осы Хаттаманың Депозитарийі болып табылады.

24-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздерге қатысы

Осы Хаттаманың ешқандай ережелері Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің нәтижесін алдын ала анықтайтында түсіндірлмейді.

Осыны қуәландыру үшін тиісті түрде осыған уәкілеттік берілген, төменде қол қойғандар осы Хаттамаға қол қойды.

_____ қаласында 201_ жылғы «__» _____ жасалды.

Әзіrbайжан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Иран Ислам Республикасы үшін

Түрікменстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК